



ПРЕЗИДЕНТ



ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен келіссөз жүргізді. Тәжікстан Президентінің Астанаға сапары шағын құрамдағы келіссөздерден басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты ынтымақтастықты нығайту үшін бұл сапардың маңызы зор екенін атап өтті.

– Сіздің сапарыңыз біздің бауырлас елдеріміз арасындағы шынайы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайту тұрғысынан зор маңызға ие. Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік, одақтастық қарым-қатынас туралы айтуға толық негіз бар. Астанадағы тәжік мәдениеті күндерінің ашылуына сіздің арнайы келуіңіздің өзі көп нәрсені аңғартады, – деді Президент. Өз кезегінде Эмомали Рахмон көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, шақыртуыңызға, ілтипа-тыңызға, қонақжайлық көрсеткеніңізге көп рахмет! Ең алдымен, бүгін Сізбен екі ел арасындағы қарым-қатынастың

ахуалы мен перспективаларын, сондай-ақ халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылағым келеді, – деді Тәжікстан Президенті.

Одан кейін келіссөздер екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда Тәжікстанмен арадағы достық қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын жеткізді.

– Бауырлас тәжік халқына қазақ жерінде айрықша құрметпен қарайды. Отандастарымыз қазіргі Тәжікстан туралы көбірек біліп, тәжік халқының бай мәдениетімен тереңірек танысықысы келеді.

2-бет

МЕРЕЙ

ҚАЙРАТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы және Сырдария аудандарының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Айтбай Көшербаевты 70 жас мерейтойымен құттықтады.



қамқорлығын әрдайым сезіндім. Сондықтан сіздің тұлғалық қасиетіңізді, кісілік келбетіңізді ардақ тұтамын. Елдің келешегімен байланысты өміршең істердің бастамашысы болғаныңызды жастарға үлгі ету – біздің парызымыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шара барысында Айтбай Көшербайұлына Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы, ҚР Мемлекеттік Кеңесшісі Ерлан Кариннің құттықтау хаты табысталды.

Мерейтой иесін мемлекет және қоғам қайраткерлері Қырымбек Көшербаев, Гүлшара Әбдіқалықова, «РЗА» акционерлік қоғамының президенті Самұрат Имандосов, ардагер Сәби Ансат құттықтады.

– «Ел азаматымен еңселі» дейді бұрынғылар. Қиын да өтпелі кезеңде әлеуметтің әлеуеті үшін істің иінін табу, облыстың су шаруашылығы мен экологиялық проблемаларын еңсеру, әлеуметтік, коммуналдық салада барды ұқсату тек іскер әрі халыққа жанашыр азаматтардың қолынан келді. Дана халқымыз «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» дегендей, кіндік қаны тамған жерге ту тіккен азаматтардың қатарында сіздің қолтаңбаныз ерек! Елдіктің асыл мұратына арқау болған азаматтық ұстанымыңыз, ілкімді істеріңіз сізді бүгінгідей белеске көтерді. Білікті маман атанып, туып-өскен өңіріңізде жемісті жұмыс жасадыңыз. Саяси-әкімшілік қызметтер атқарып, аймақтың экономикалық, әлеуметтік жағдайының жақсаруына бар күш-жігеріңізді арнадыңыз. Замандастарыңыз бен әріптестеріңіз өзіңізді өмір мектебінде шыңдалып, еңбегімен құрметке бөленген қайраткер, іскер азамат ретінде сыйлайды.

Айтбай Көшербайұлы Қызылорда қаласы әкімі кезінде мені мемлекеттік қызметке қабылдап, орынбасары ретінде зор сенім білдірді. Жасы үлкен аға, тәжірибесі мол басшының

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

АДАМЗАТТЫ КЕМЕЛДІККЕ БІЛІМ ҒАНА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Кеше Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы педагогтерінің республикалық тамыз конференциясының жалпы пленарлық отырысы өтті. Алқалы жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Наталья Жұмаділдаева қатысты.

Биылғы тамыз мәслихаты жаңа форматта өтуде. Министрлік ұстанымына сәйкес әр облысқа арнайы тақырыптар белгіленген. Өзге өңірлерден келген 300-ден аса үздік педагог білім беру саласының маңызды мәселелерін талқылады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өзгерістерге қадам басқан уақытта жас ұрпаққа сапалы білім беруде, тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі ерекше екенін айтып, бала болашағы үшін атқарылған жұмыстарды баяндады.

– Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте маңызды міндет» деп атап өтті. Биылғы тамыз кеңесінің «Әділетті Қазақстан: Сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атауын еншілеуі құндылықтардың бағасы қай кезде де биік екенін тағы бір дәлелдеді. Себебі адамзатты кемел ойға тек білім ғана жетелейді. Ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен соңғы бір жыл ішінде білім саласына бағытталған қаржы көлемі 260 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен

жылмен салыстырғанда 20%-ға артық. Осының арқасында саладағы ауқымды жобаларды сәтті жүзеге асырудамыз. Өңірдің 3-6 жастағы балалары 100 пайыз мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған. Ал 2-6 жастағылар үлесі 88,9 пайызға жетті. Тұрақты қолдау көрсетілгендіктен, балабақшалар заманауи бағыттағы IT жобаларды сәтті енгізіп, аймақтың үздік тәжірибесін өзге облыстарға таратуда. Бұл ретте тәрбиешілердің білім деңгейін көтеруге ерекше жағдай жасадық. Жыл көлемінде барлық жеке балабақша тәрбиешілері тегін курстардан өтуде. Біз үшін тәрбиешілердің мемлекеттік немесе жеке балабақшада жұмыс істегені маңызды емес. Олардың біліктілігін арттыруда тең қозғалар ұстанамыз. Өйткені – бала бәрімізге ортақ, – деді аймақ басшысы.

2-бет

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

ЛОТЕРЕЯДАН ЛУДОМАНИЯҒА ДЕЙІН: ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАН ТУҒАН ҚҰМАРЛЫҚ

Үлкен ойын-сауық орталықтарына кіре қалсаңыз, лотерея билеттерінің саудаланып жатқанын көресіз. Сатып алатындардың қарасы қалың. Дегенмен біреу білсе, біреу білмес, елімізде лотереялық монополизм бар. 2017 жылы дәл осы мақсатта арнайы құрылған «Сәтті жұлдыз» компаниясы Қазақстандағы оператор ретінде танылып, 15 жылға бекітілді. Ақыры республикада 2032 жылға дейін басқа бірде-бір компания бұл бизнеспен айналыса алмайтын болды. Өйтсе де, мұның кері жақтары болғанына қазір көз жетті.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

3-бет



Ашық дереккөзден алынды

ЕГІНЖАЙ - 2023

«АҚЖАРМАДА» КҮРІШКЕ ОРАҚ ТҮСТІ

Сырдария ауданындағы іргелі шаруашылықтың бірі «Ақжарма-2» шаруа қожалығының егініне орақ түсті.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Науқанның басталуына арналған іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Т.Нұрғазиев, шаруашылық төрағасы М.Бисенов және еңбек ардагерлері қатысты. «Ақжарма-2» шаруашылығы биыл 1172 гектар жерге күріш, 120 гектарға бидай егіп, 162 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған.

Жалпы аудан бойынша егілген егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 8,8 пайызға артық. Атап айтқанда, 36043 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 23811 гектарға күріш, 12232 гектарға басқа дақылдар егілді.

– Биыл өңірде 193,4 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде дөңді дақылдар 99,9 мың гектар, майлы дақылдар 4,5 мың, малазықтық дақылдар 69,2 мың, картоп, көкөніс, бақша 19,8 мың гектарға орналастырылды. Егін көлемін өртараптандыру бағытында 1192 гектарға жүгері, 1447 гектарға сурлем жүгері, 179 гектарға күнбағыс, 64 гектарға соя дақылы, 5 гектарға қант қызылшасы, 195 гектарға



қант құмайы, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 872,5 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Сонымен қатар, 4239 ауыл шаруашылығы техникасы жөндеуден өткізіліп, егін жинау жұмыстарына қатысуда, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Күзгі егін жинау жұмыстарына мемлекет тарапынан 9,1 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Сыр күріші қазанның онына дейін қамбаға құйылмақ.

ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ БЕРМЕК

Осы орайда сіздің осындай ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру туралы бастамаңызды Қазақстан халқы мен еліміздің қонақтары ерекше ықыласпен қабыл алды. Бұл айтулы шара екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толған кезеңде өткізілуінің ерекше символдық мәні бар, – деді Президент.

Мемлекет басшысы барлық саладағы екіжақты ынтымақтастықтың, соның ішінде су және энергетика кешеніндегі өзара іс-әрекеттің қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Су және энергетика салаларындағы міндеттемелерді орындауға, атап айтқанда, Қазақстанға су және электр энергиясын жеткізуге байланысты шешімді уақытылы қабылдағаныңыз үшін сізге және барша тәжік тарапына алғысымыз

шексіз. Қазақстан өз тарапынан сіздің алдыңғы сапарыңыз кезінде өзара келіскен барлық міндеттемені орындап жатыр, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның мамыр айында Қазақстанға сапары кезінде қол қойылған Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияның сәтті жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Президенттің айтуынша, биыл 6 айда тауар айналымы 500 миллион доллардан асқан. Бұл ретте өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға дейін арттыру жоспарланып отыр.

Тәжікстан Президенті де екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жағдайына жоғары баға берді

– Тәжікстанның мәдениет күндерін және көрмесін, сондай-ақ еліміздің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп секторы өнімдерінің жәрмеңкесін Астана, Алматы және

Шымкент қалаларында өткізуге қолдау көрсеткеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұл шараларды Тәжікстан мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың, стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың үздіксіз дамуының бір белгісі деп бағалаймыз. Бұл шаралар екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнағанына 30 жыл толған кезеңде өтуінің өзіндік мәні бар. Бүгінде елдеріміз арасындағы қарым-қатынастың өзара түсіністік, жоғары құрмет пен сенімге негізделгені қуантады. Байланыстарымызды одан әрі нығайту Тәжікстанның сыртқы саясатының негізгі басымдығы болып қала берді, – деді Тәжікстан Президенті. Әнгімелесу барысында сауда-экономика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, қаржы және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара іс-әрекетті одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.



ПАРТИЯ ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаевпен кездесіп, партия бағдарламалары мен жобаларының аймақтағы жүзеге асырылуын талқылады.



Облыс басшысы Ержан Жұматұлының жұмыс сапарына сәттілік тілеп, өңірдің даму жоспары, атқарылған шаруалар, алдағы міндеттер туралы айтты. Өз кезегінде партия хатшысы

бірлесіп жұмыс істеуге ниет білдірді. Ержан Жылқыбаев «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының кезекті XXXII конференциясына қатысты.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аймақтағы өзекті мәселелер талқыланып отыр.

Жиында қоғамдық-саяси ахуал, вегетациялық кезеңнің түйткілдері, білім саласының жаңа оқу жылына

дайындығы, жылу беру маусымына дайындық мәселелері қаралды. Жауапты сала басшылары хабарлама

жасап, атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Аймақ басшысы егін жинау науқанын өткізу, жаңа оқу жылына тиянақты әзірлік шараларын ұйымдастыру және жылу беру маусымын кедергісіз бастау бойынша бірқатар тапсырма берді.

АДАМЗАТТЫ КЕМЕЛДІККЕ БІЛІМ ҒАНА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Тамыз кеңесінде баяндамашылар өз салалары бойынша тәжірибелерін бөлісіп, бала тәрбиелеуге қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Айта кетейік, биыл Қызылорда облысының білім саласында жағымды жаңалықтар жетерлік. Аймақта мемлекет пен жекеменшік әріптестігінің ынтымақтастық аясы кеңейіп келеді. Бүгінде облыстағы 613 балабақшаның 453-і немесе 73%-ы жеке сектордың үлесінде.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» бағдарламасы шеңберінде құны 86,2 млрд теңге болатын 21 заманауи мектеп салынады. Жаңа білім ордалары 12 мыңнан аса оқушыны қамтиды. Биыл өңірде 10 мектептің іргетасы қаланады.

«Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында құны 7,9 млрд теңге болатын физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы басталды. Дарынды балаларға арналған жаңа оқу ордасында республикалық физика-математика мектебінің таңдаулы ұстаздары сабақ береді.

Аймақта жеке мектептердің де үлесі артауда. Қазірдің өзінде 24 жеке мектеп жұмыс істесе, биыл 7 мектеп ашылады.

Қаланың сол жағалауында «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи Оқушылар сарайы салынады. Бұл қосымша білім беру ордасы озық ойлы, өнерге құштар, спортқа бейім дарынды балалардың шамшырағын жағады.

Аймақта апатты деп танылған 6 мектептің мәселесі оңтайлы шешілді. 4 білім ошағының құрылысы «Жайлы мектеп» жобасы арқылы салынса, Арал ауданы, Тоқабай ауылындағы мектеп құрылысы жеке инвестор есебінен жүргізілуде. Білім нысаны жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Ал Шиелі ауданындағы тағы бір апатты мектеп мәселесі «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» көмегімен шешілді.

Қала мектептеріндегі орын тапшылығы мәселесі қосымша құрылыс салу арқылы реттелуде. Облыс орталығындағы 4 мектептің 1850 балаға арналған қосымша ғимараттары жаңа оқу жылында балаларды қабылдайды.

Ауыл балалары үшін салынған 1400 орындық 4 мектеп (Жанақорған «Майбекет», Шиелі Байсын, Қазалы Әйтеке би кенті, Қызылорда қаласы «Бәйтерек» шағын ауданы) осы жылы ел игілігіне табысталады.

Білім мазмұнын арттыру мақсатында мектептерді заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтауға, бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы үлгідегі бейнекамералар алуға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

«ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ» ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Облыста жаңа оқу жылынан бастап «Тәрбие орталығы» жұмысын бастайды. Орталықтың мақсаты – балалардың ой-танымын арттыру, спорттық қабілетін шыңдау.

Аймақ басшысы жас ұрпақты тәрбиелеу барысында ұлттық құндылықтар мен тұлғатану институтын қалыптастырудың маңызды аттап өтті.

– Білім берудің үздік тәжірибесін лайықты жалғастыра келе, ұлттық құндылықтар мен тұлғатану институтын қалыптастыруға тиіспіз. Бұл бүгінгі буынның біліміне жауапты ұстаздарды ғана емес, бауыр еті – баласы үшін барын беретін ата-аналарды да алаңдатуы қажет.

Жаңа оқу жылынан бастап облыста «Тәрбие орталығы» өз жұмысын бастайды. Орталық қызметі балалардың ой-танымын арттыруға, спорттық қабілетін шыңдауға, жасөспірімдер арасындағы түрлі келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталады. Бұл орайда облыстық білім басқармасы полиция департаменті және қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, жергілікті жерде жасөспірімдердің тәрбиесі, құқық бұзушылығына қатысты нақты талдаулар жүргізіп, кешенді шаралар қабылдауы керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.



Айта кетейік, елімізде болашақ ұрпаққа жол сілтейтін педагог еңбегін лайықты бағалауға бағытталған кешенді іс-шаралар қолға алынған. Президент тапсырмасымен соңғы 4 жылда мұғалімдердің жалақысы 100 пайызға артты. Ал 1 қыркүйектен бастап балабақша тәрбиешілерінің еңбекақысы 30 пайызға ұяғайды.

Биыл өңірде балаларды мектепке тасымалдау мәселесі де шешімін тапты. Жаңа үлгідегі 30 автобус шалғайдан қатынайтын оқушылардың игілігіне қызмет етпек.

ОҚУШЫЛАР ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Биылдан бастап Қызылорда облысындағы барлық бастауыш сынып оқушыларының және 5-11 сыныптағы әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың тегін ыстық тамағына қаржы бөлінді. Аймақ басшысы балаларды әлеуметтік қолдау жұмыстың басым бағыттарының бірі екенін айтты.

– Осы оқу жылында балабақшалардағы арнайы санаттағы балалардың ыстық тамағына жергілікті бюджеттен қаржы бөлуі жоспарлаудамыз. Жаңа әдістемеге сәйкес, бұл қаражат мемлекеттік балабақшалармен қатар жекегерге де бағытталады. Биыл алғаш рет 1-4 сыныптарда оқитын 70 мыңнан аса баланы тегін ыстық тамақпен қамтыдық, бұған жергілікті бюджеттен 5,5 млрд теңге қаралды. Ал 5-11 сыныпта білім алатын әлеуметтік көмекті қажет ететін 17 мыңға жуық оқушының тегін ыстық тамағына 3,3 млрд теңге бөлінді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі өз баяндамасында колледждерде кәсіби маман дайындау өлі де өзекті екенін айтты.

– Өкінішке қарай, кейбір жастар мамандық таңдауда еңбек нарығының сұранысын ескермейді. Жұмысшы кәсібін меңгеруге ықылас таныта қоймайды. Бүгінде техникалық мамандықты игерем деген әрбір түлекке мемлекет тарапынан қолдау бар. Біз жыл сайын мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайтып келеміз. Биыл 4,5 мыңнан аса балаға тегін грант береміз, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, студенттердің, әсіресе ауыл балалары үшін жатақхана мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Осы жылы Қаржы орталығы арқылы Арал ауданындағы Арал индустриалды колледжінің жатақханасы салынды, жақын арада нысан пайдалануға берілмек.

Балалардың бос уақытында үйірге баруы өте маңызды. Осы ретте қала, кент, ауылдардағы мектептерде Оқушылар сарайы мен Өнер мектептерінің филиалдарын ашу жоспарланады.

Мұнан бөлек, облыс әкімінің тапсырмасымен 2 маусымдық лагерь жыл бойы жұмыс жасауға көшті. Келесі жылы жеткіншектердің облыстағы және еліміздің алдыңғы қатарлы демалыс орындарында тынығуына жағдай жасалады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»



Алқалы жиынға «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі фракция мүшесі Мархабат Жайымбетов, партия филиалының саяси кеңесі мен саяси кеңес бюросы мүшелері және партияның аумақтық филиалдарынан сайланған 249 делегат қатысты.

Филиал төрағасы Наурызбай Байқадамов атқарылған жұмыстарға тоқталып, есепті мерзімде сайлауды бағдарлама бойынша жоспарланған 1499 іс-шараның 97 пайызы орындалғанын атап өтті.

– Балабақшалар желісінің өсуі нәтижесінде 2-6 жастағы балалардың мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылуы 88,8 пайызды құраған. Ал 3-6 жастағы балалардың қамтылуы 100 пайызға орындалған. Өңір тұрғындарының «көгілдір отынды» пайдалану деңгейі 70 пайызды құрайды. Оның ішінде қала тұрғындары 100 пайыз, ауыл тұрғындары 50 пайыз қамтылған. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 75 пайызға жетпек, – деді филиал төрағасы.

Жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов сөз алып, есепті кезеңде атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

– Мен есепте айтылған жұмыстарды кеше ғана ауыл-аймақтарды аралап, көзбен көрдім. Халықпен тілдесіп,

жағдаймен таныстым. Онда көтерілген мәселелер партияның алға қойған міндеттерінде көрініс тапқан. Енді сайлауды уәделердің уақытылы және сапалы орындалуына Мәжілістен бастап барлық деңгейдегі мәслихаттардағы фракция мүшелері, партия филиалдары мен бастауыш ұйымдары жұмыла жұмыс жасауымыз керек, – деді Мәжіліс депутаты.

Мұнан соң қалалық мәслихаттағы депутаттық фракция жетекшісі Талғат Мақашов, Жалағаш аудандық филиалына қарасты «Қаракеткен» бастауыш партия ұйымының төрайымы Мирамқұл Жүсіпова, Қазалы аудандық «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Нұрбек Ақпанбетов сөз сөйлеп, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Конференция қорытындысында «AMANAT» партиясының хатшысы Е.Жылқыбаев сөз алып, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық әлауқатын жақсарту мен партия жұмысын күшейту бағытындағы алдағы мақсат-міндеттерді атап өтті.

Жиын барысында күн тәртібіне сәйкес партия филиалының бақылау-тексеру комиссиясының есепті мерзімдегі атқарған жұмысы тыңдалып, саяси кеңестің және бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланып, алдағы жұмыстары жоспарланды.

БРИФИНГ

БІЛІМ ГРАНТЫ ИЕГЕРЛЕРІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Өңір жастарының жоғары білім алуына мүмкіндіктер жасалған. Биыл облыс әкімінің білім гранты бойынша 100 студентке оқу ақысын және жүріп-түру, тамақтану шығындарын ішінара өтеуге әлеуметтік көмек тағайындау үшін облыстық бюджеттен 85,2 миллион теңге қаражат бөлінген. Білім грантына кімдер ие болғанын өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев айтты.



Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

– Үйлестіру кеңесінің отырысында өңірде қажетті 100 мамандық бойынша аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдіктерінің және тиісті мемлекеттік органдардың ұсыныстары ескеріліп, грант бөлінісі бекітілді. Үміткерлерден қабылданған өтініштер бойынша 18-21 тамыз аралығында аудан, қала әкімдіктері жанынан құрылған арнайы комиссиялардың отырыстары өткізілді. Бөлінген 100 гранттың 97-сі тағайындалды.

Атап айтар болсақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне 78, С.Афендияров атындағы Қазақ

Ұлттық медицина университетіне 15, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетіне 3, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына 1 грант бөлінді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің хореография, шет тілі, әлеуметтік жұмыс мамандықтарына бөлінген 3 гранттың біреуінен өтініш беруші өз еркімен бас тартқан. Ал 2 мамандық бойынша қосымша зерделеу нәтижесінде отбасының табысы белгіленген критерийден асып кетуіне байланысты тағайындаудан бас тартылған, – деді басқарма басшысы.

ТАЛҚЫ

МАМАНДАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІ МАҢЫЗДЫ

Қазақстандағы қазіргі Су кодексі 20 жыл бұрын, яғни 2003 жылы қабылданған. Осы уақыт ішінде құжатқа 70-тен аса өзгерту енгізілді. Құжат уақыт талаптарына сай келмейді. Себебі онда су ресурстары экономикалық пайда көру тұрғысынан қарастырылады, ал су қауіпсіздігі мен оны үнемдеу мәселесі көтерілмеген.

Сыр Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Былтыр Мемлекет басшысы су ресурстарының тапшылығын азайтуға септігін тигізетін, климаттың өзгеруі мен шекаралас мемлекеттердің саясатын ескеруге мүмкіндік жасай алатын жаңа Су кодексі дайындалды тапсырды. Кодекс жобасы Парламентке 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында жіберілуі керек еді, алайда құжат әлі талқылануда.

Өңірміздің экономикалық және экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі су мәселесімен тікелей байланысты. Сондықтан жұртшылық пен ғылыми қауымдастықтың, сала мамандарының қатысуы маңызды. Ашық талқылаудағы жаңа кодекске қатысты барлық азамат ұсыныс айта алады.

Сыр өңіріндегі сапары аясында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов «Қазсуар» РМК Қызылорда филиалына барып, сала мамандарымен кездесті. Айта кетсек, Руслан Рүстемов – Сенат жанындағы әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі. Сондай-ақ, депутат бірнеше рет Үкімет сағаттарында, мемлекеттік телеарналарда Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау, су қорғау аймақтары, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мәселелерін көтеруде.

Жиында су, экология, ауыл шаруашылығы мамандары және сала ардагерлері қатысты. Кездесу барысында сенатор бұған дейін аудандарды аралап, су қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысты кездесулер өткізгенін айтып, нақты ұсыныстар аясында орталық атқарушы органдармен бірлескен жұмыстарды қолға алатынын жеткізді.



– Жалпы, еліміздің оңтүстігіндегі бес облыстағы аяқсуға қажеттіліктің 30 пайызы Сыр өңіріне тиесілі. Солай бола тұра, осы оңтүстік өңірлердегі су шығынының 50 пайыздан астамы облысымызға тиесілі екен. Елдегі су қорының 40 пайызы трансшекаралық өзендерден келеді. Көрші елдерде суға деген қажеттілік күн санап өсуде. Сондықтан еліміз, оның ішінде өңіріміз үшін суды үнемді әрі тиімді пайдалану мәселесі өте өзекті, – деді Р.Рүстемов.

Депутат елдегі су мәселесін шешуге жұртшылықтың қатысуын маңызды қадам деп санайтынын атап өтті. Алдағы уақытта Парламент депутаттары су ресурстарын басқаруды жетілдіру, саланың ғылыми әлеуетін арттыру, судың құнын оның негізгі құнына сәйкестендіру, оны үнемді және тиімді пайдалану мен тасымалдауды ынталандыру бағытында тиісті заңнамалық жұмыстар жүргізеді.

Жиында «Қазсуар» РМК Қызылорда филиалы «Қызылордасуар» өндірістік учаскесінің басшысы Жорабек Нұрымбетов, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, мекеменің ардагерлер бастауыш ұйымының төрағасы Бегеш Жақып, ауыл шаруашылығы саласының мамандары, шаруашылық

басшылары өз пікірлерін ортаға салды. Су заңнамасындағы түпкі тұжырымдама өзгеруі, су құндылық екеніне баса мән берілуі керігіні айтты.

Су заңнамасындағы жаңа нормалар жеке тұлғалардың, фермерлер мен кәсіпорындардың тиімді су тұтынуын, сондай-ақ кәсіпорындарда және тұрғын үй-коммуналдық салада суды үнемдеуді ынталандыруы тиіс. Дегенмен, сала мамандары заңнамалық тұрғыда да қайшылықтар бар екенін, бұл мәселеге жаңа кодексте мән берілуі керігіні айтты.

Сондай-ақ, жиында суды пайдалану тиімділігін арттыру, суға сұранысты басқару үшін оны бөлу, есепке алу процестерін цифрландыру және автоматтандыру жөніндегі жұмысты жандандыру, бұдан басқа су үнемдеуді ынталандыратын тарифтерді енгізу керігі айтылды. Судың көп бөлігі ауыл шаруашылығы саласына жұмсалатыны белгілі. Салала нормадан тыс су жоғалтуды азайту бойынша да тиісті шаралар қолға алынбақ.

Жиын соңында Руслан Рүстемов халық талқысына ұсынылған Су кодексінің жаңа жобасына қоғамдық ұйымдар мен білікті мамандардың әлі де жаңа идеялар мен ұсыныстар айтуға мүмкіндігі бар екенін айтты.

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Конституция күніне арналған «Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының кепілі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиында университеттің басқарма төрағасы – ректордың қоғаммен жұмыс жөніндегі кеңесшісі Абайбек Жүнісов Ата Заңымыздың ел дамуы жолындағы маңызы, Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы айтты.

– Конституция – мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат. Мемлекеттің тұтастығы, саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, азаматтар құқығының сақталуы, демократиялық құндылықтардың барлығы осы заң аясына топтасқан. Осы жылдар ішінде Конституцияға бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Заман талабына сай дамуға бет алған Қазақстан үшін уақыт ағымына қарай икемделіп отыру аса маңызды, – деді ол. Конференцияда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиқов Ата Заң елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжат екеніне тоқталды. Саясаттану ғылымдарының кан-



дидаты Ербол Әбенов, ҚР Ішкі істер органдарының ардагері, полиция полковнигі, облыстық адвокаттар алқасының адвокаты, университеттің құқықтану кафедрасының аға оқытушысы Темірхан Қанатбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің комплаенс-офицері Әлібек Жаппасбаев, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD Айнұр Исаева баяндама жасады.

Ғалымдар Конституцияға өткен жылдар ішінде енгізілген толықтыруларға кеңінен тоқталып, адам құқығының қорғалуы, заң үстемдігі тұрғындағы мәселелерді талқыға салды. Сондай-ақ, шетелдегі заңдар жүйесінің ерекшеліктерін жеткізді.

Жиын соңында қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Сонында сала мамандары марапатталды.

«СБ» ақпарат

ШЫНЫ ӨНІМДЕРІНІҢ БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Қызылорда индустриалды аймағындағы шыны өндіру зауыты «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы аясында өткен жылдың қазан айында іске қосылды. Кәсіпорын қазір штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Операторы – «Orda Glass LTD» ЖШС.



Зауыт бүгінгі күнге дейін 120 мың тоннаға жуық шыны өнімін өндірді. Өнімнің жалпы құны – 13,1 млрд теңге. Негізгі міндет – ішкі нарықты табақша шыны өнімдерімен қамтамасыз ету. Сол себепті де елдегі алғашқы инновациялық шыны өнімі барлық қалаларға жіберілуде. Бұған қоса, Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан республикаларына жөнелтілуде.

Сыр өңірінде зауыттың іске қосылуы нарықта шыны өнімдері бағасының 50 пайызға дейін төмендеуіне ықпал жасады. Мәселен, былтыр қалыңдығы 4 мм шынының 1 метр кубы 2200 теңге болса, қазір 1250 теңгені құрайды. Жобаны жүзеге асырудағы басты мақсат – сырттан келетін тауарға тәуелділікті азайтып, импорт алмастырушы өніммен

еліміздің экономикасын қамтамасыз ету.

Алайда, шыны өндірісінде жоғары білікті маман аз. Ал зауытқа қолданылатын флот-технологиясының баламасы жоқ. Қазір қытайлық мамандардың шыны өндіру және өндірістің техникалық салаларында мол тәжірибесін ескере отырып, жергілікті мамандарды оқыту және шыны шығару технологиясын меңгеруді үйретуде.

Жақында шыны зауытында «Ұстаз бен шәкірт» атты шара өтті. Онда шетелдік мамандар өздері үйреткен жергілікті қызметкерге соңғы сабағын өткізіп, кітапша сыйлады. Нақты кезеңде кәсіпорында 267 жергілікті маман жұмыс істейді. Жыл соңына дейін тағы 76 жаңа жұмыс орны ашылады.

«СБ» ақпарат

ЛОТЕРЕЯДАН ЛУДОМАНИЯҒА ДЕЙІН: ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАН ТУҒАН ҚҰМАРЛЫҚ

ШЫҒАЛАҢҒА ҰЛАСҚАН ШИКІЛІК

Осы кезге дейін «Сәтті жұлдыз» компаниясына қатысты сын аз айтылмады. Мәселен, лотерея ұйымының бір міндеті – ел спортына табысының 15 пайызын аударып отыру. 2020 жылы аталған компания бар болғаны 2 пайыз шегінде ғана ақша бөліп келгені баспасөз беттерінде жария болды. Дегенмен сол кезеңде «Сәтті жұлдыз» өкілдері өздерін ақтап алған болатын. Қош делік, мәселе спортқа ақша аудару немесе аудармауында емес, компанияның өз саласында орнатқан монополизмінде еді. Енді Үкімет осыған зер сала бастады. Мәдениет және спорт министрлігінің түсіндіруінше, қазіргі уақытта лотерея өткізу шарттарын уәкілетті органның қатысуынсыз, оператор өз бетінше, дербес бекітеді және қабылдайды. Кейінгі кезде әлеуметтік желіде қазақстандықтар монополистің құмар ойындар ұйымдастыратынына назар аударып жүр. Министрлік қазір соған тосқауыл қою шараларын пысықтап жатыр.

«Лотерея атын жамылып, құмар ойындарын өткізу фактілерін жою үшін уәкілетті органға тиісті өкілеттіктер берілуі керек, яғни, «Сәтті жұлдыз» АҚ шарттарды ведомствомен келісуге міндетті болады. Өз кезегінде уәкілетті орган ол шарттардың заңнамаға сәйкестігін және онда құмар ойындарын ұйымдастыру белгілерінің бар-жоқтығын тексереді», – деп мәлімдеді ведомство.

Бұл ұсыныс «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасына енгізілген. Құмар ойында, мәселен, букмекерлік кеңселер ұсынатын ойында қатысушылар оқиғаның немен аяқталатынын болжайды. Онда оқиғаның, футбол матчының қалай тәмамдалатынын алдын ала ешкім білмейді. Ал лотереяда бәрі қарапайым: тұтынушының сатып алған билеті, квитанциясы немесе бингода белгіленген сандары не ұтады, не ұтпайды. Бұл ретте оқиғаның қалай аяқталатыны операторға алдын ала белгілі, ұтысты билеттерді соның өзі ғана тіркейді. Құмар ойындарының тағы бір нышаны – ол құрбанын ойында тоқтаусыз жалғастыруға еліктіреді. Ақырында адамды лудоман етіп тынуы мүмкін.

Құмарлық жайлы неге айтып отырмыз? Өйткені сарапшылар лотерея операторының да елді ойынқұмар етуге үлес қосып жатқанын айтып жүр. Мұны енді тиісті министрлік те мойындаған. «Лотерея шарттарына сәйкес, жекелеген ойындарды өткізу кезінде қатысушылардың оқиғаның ақырғы нәтижесіне әсер ететін белсенді әрекеттер жасауы көзделеді. Бұл ойындар механикасы мен жұлде қорының құрылымын сипаттайтын шарттар қосымшаларда көрсетілген. Нақтыласак, кейбірі бонустар беру арқылы қатысушыларға ұтыс сомасын көбейтуді, екі еселуді ұсынады. Іс жүзінде қатысушыға таңдау құқығы беріледі: бірден ұтыс сомасын алып кетеді немесе оны көбейте алады. Ол үшін келесі батырмалардың бірін басу арқылы белсенді қатысуын жалғастыруы шарт: «Тәуекел: иә/жоқ», «Екі еселу», «Бонус», «Супершанс» және басқасы. Егер ұтыстың ұлғаюына келіскен қатысушы сәтсіздікке ұшыраса, онда ол бастапқы ұтысынан да айырылып қалады. Ал бұл – құмар ойындардың белгісі деген байламға келіпті Мәдениет және спорт министрлігі.

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Ендігі мәселе, ұсынылған заңды Үкімет пен Парламент өткізбей қоюы өбден мүмкін. Ал егер заң қабылданса, онда келесі алгоритм енгізілмек. Біріншіден, өз лотерея өткізу шарттарын бекіткенге дейін оператор «Сәтті жұлдыз» АҚ оларды заңнамаға сәйкестігі тұрғысынан тексеріп, келісуі үшін уәкілетті органға жіберуге міндеттеледі. Екіншіден, уәкілетті орган, яғни министрлік шарттарды келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде

1-бет

қарап, тексереді. Лотерея өткізу шарттары ел заңнамасына сәйкес болса, келесі және лотерея операторына кері жібереді. Үшіншіден, егер шарттар немесе оның жекелеген ережелері заңнамаға қайшы келсе, уәкілетті орган келісуден бас тартып, оларды операторға тиісті ескертулермен қайтарады.

Бұл жағдайда Қазақстанда лотерея өткізу доғарылады. Себебі, жаңа заң жобасына сәйкес, «Сәтті жұлдыз» уәкілетті органның келісін алған және сол бекіткен шарттарсыз лотерея өткізуге құқығы болмайды. Мәдениет ведомствосының тұжырымдауына, шарттарды мемлекетпен келісуден мемлекет те, халық та ұтады: қатысушылардың мүдделері алаяқтықтан қорғалады, жұлделер ұтысының ашықтығы мен адалдығы қамтамасыз етіледі. Бұдан бизнеске де еш зиял келмейді, өйткені онсыз да билік бизнестің бұл салаға кіруіне тыйым салған.

Айтпақшы, ведомство «Сәтті жұлдыз» АҚ-ға заңнамаға осындай өзгеріс енгізілгені жатқаны туралы хабарлар етілгенін мәлімдеді. Егер алдағы уақытта заң қабылданбаса, онда лоббистер іске қосылды деген сөз.

АЛАЯҚТАР АРАҒА ТҮСУДЕ

Бүгінде құзырлы органдар алаяқтардың жалған ойын терминалдарын орналастыру үшін «Сәтті жұлдыздың» «Lottomatic» лотерея терминалдарының атын жамылып жүргенін мәлімдеді. Мысалы, ер адам Ақмола облысы Целиноград ауданындағы дүкендерде «Сәтті жұлдыздың» ойын терминалдары деп алдап, өзінің заңсыз ойын автоматтарын орнатып шығыпты. Осы арқылы 17 миллион теңге заңсыз табыс тапқан. Ал Қарағандыда заңсыз ойын бизнесінің 3 нүктесінің қызметі тоқтатылыпты.

Мұндай іспен тіпті ұйымдасқан қылмыстық топтар да айналысады екен. Алматы, Шымкент, Қарағанды, Тараз және Қызылорда қалаларында заңсыз ойын қызметін ұйымдастырды деп күдікпен Германия азаматы басшылық еткен ұйымдасқан қылмыстық топтың қызметі ашкереленген. 2 заңсыз казино ашқан және 60 түрлі сауда нысанында 230 «сары-жасыл» ойын аппараттарын орнатқан.

Әлеуметтік желіде отандастарымыз лотереялық ойын терминалдарын толық жауып тастауды талап етіп жатқанын білеміз. Сонда ол терминалдарды қалқан ететін қылмысқа да тосқауыл қойылар еді. Дегенмен мұны іске асыруға шенділердің құлықсыз екенін байқадық.

ӘЛЕМ ТӘЖІРИБЕСІН АРҚАУ ЕТСЕК...

Негізі жоғарыда атаған жаңа заң жобасын дамыған елдердің тәжірибесіне ұмтылу ретінде бағаласақ болады. Әлемнің көптеген елінде мемлекет лотереяны өткізу ережелерін заңнамаға сәйкестігі және құмар ойындарды ұйымдастыру белгілерінің болмауы тұрғысынан тексеріп, бекітеді. АҚШ-та федералды және штаттық деңгейде реттеледі. Әр штаттық лотерея ережелерін жергілікті реттеу органдарымен келісуді талап ететін заңдары мен талаптары бар.

Кері құрлыққа ойыссақ, Ұлыбританияда Ұлттық лотерея және басқа коммерциялық лотереялар Gambling комиссиясынан лицензия алуы керек. Ұйымдастырушылар өз ережелері мен шарттарын реттеушімен келісуге міндетті. Германияда құмар ойындарды бақылаушы Glücksspielstaatsvertrag ұйымы реттейді. Операторлар заң талаптарын орындап, тиісті лицензия алуы керек. Францияда лотерея әлдебір жеке компанияның емес, толығымен мемлекеттің қолында. Оны Француз Ұлттық лотерея операторының өзі өткізеді.

Қорыта айтқанда, лотереядан ұтыс шығару мүмкіндігі жерді қазып алтын тапқанмен бірдей екенін әр адам ескерсе екен дейміз. Дегенмен әділ өткен ойын кімді болса да қызықтыра алар еді. Сондықтан Мәдениет және спорт министрлігі заң жобасын соңына дейін жеткізіп, лотерея ойындарын аз да болса ретке келтіргені абзал.

Өз халқын шексіз сүйген, бостандық дабылын естісімен елін қалайда өзгден құтқарып, теңдік әперуді мақсат еткен Әлімхан Ермеков туралы не білеміз? 1918 жылы сәуірдің 2-сі күні Әлімхан Ермеков, Алашорда басшысы Әлихан Бөкейханов және Халел Ғаббасов үшеуі Семейден тікелей байланыс желісі арқылы В.Ленинмен және сол кезде Ұлт істері Халық комиссары И.Сталинмен сөйлеседі. Бұл туралы КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институты шығарған «Владимир Ильич Ленин. Биографическая хроника» атты кітапта жазылған.

Ленин мен Сталин телеграмма арқылы төмендегідей жауап қайырған: «Әр халықтың өз билігін өзіне береміз. Жалғыз-ақ Совет өкіметін танысаңыздар. Қазақтың қамқорлары тезінен комиссиясын жасап, автономиясын жарық қылуға асығар деп білеміз», – деп қол қойған.

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков 1891 жылы бұрынғы Жезқазған облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай совхозы Бөріктағ деген жерде дүниеге келген. Әкесі Әбеу халқына қадірлі, озық ойлы, орысша сауаты бар, өз дәуіріндегі зиялылардың бірі. 1911 жылы қайтыс болған.

Ә.Ермеков 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп қабырғасында зейінді, алғыр екені көрінеді. Мектепті үздік бітірген соң әкесі 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына әкеліп түсіреді. 1912 жылы Семей гимназиясын алтын медальмен бітіріп шығады. Сол жылы Томск технология институтының тау-кен факультетіне конкурссыз қабылданады.

Өзінің студенттік кезеңі туралы Әлиаға кезінде былай деп еске алған еді: «Сол жылдары Томскіде орыстың озық ойлы тамаша адамдары тұратын еді. Мен солармен таныса бастадым. Орыстың белгілі саяхатшысы, Шоқан Уәлихановтың досы Григорий Николаевич Потанинмен сол арқылы орыстың жазушысы В.Шишковпен, В.Бахметьевпен, революционер марксист-философ Дволейский, революционер Базурмен танысып, олардың жауын үйіменелеріне қатыса бастадым.

Бірде Григорий Николаевич Потанинді, қарындасы биолог-ғалым және суретші Клара Уткинаны туған ауылым Қызыларайға ертіп келдім. Потанин ауылға келісімен Аятберген деген ертегіші, әңгімеші қартпен достасып алып, күндіз-түні соның жанынан шықпай қойды».

1918 жылдың мамырында РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жүйесінде қазақ бөлімшесі құрылады. Осы кезде Қазақстанда болашақ қазақ мемлекеттілігін өзінде жасауға қызу жұмыс басталады да, Әлімхан Ермеков Семейдегі революциялық істерге араласады.

Терең білімді, алғыр ойлы, таза жанды жас Әлімхан 1920 жылы мамыр айында Семей губеркомының атынан Кировревком орталығы Орынборға жіберіледі. Кировревкомның 1920 жылғы 18 мамырдағы қаулысы бойынша Әлімхан Ермековке №2043 мандат беріп, Қазақ өлкесінің жағдайы мен оның шекарасын белгілеу жөнінде баяндама жасау үшін Мәскеуге арнайы жіберіледі.

Ендігі сөзді өзіне берейік: «Косаревтың ұсынысымен мені губерниялық революциялық комитет құрамына кіргізді. 1919 жылы шілдеде РКП(б) Орталық Комитеті мен Совет өкіметінің Лениннің бастамасымен Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитет ұйымдастырылды. Оның түпкілікті құрамы 1919 жылдың 20 желтоқсанында бекітілді. Председатель ретінде қарт большевик Пестковский, мүшелері боп Әлиби Жангелдин, Сахпкерей Аргыншиев, Ғұбайдолла мен Әлиаскер Әлібековтер, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсын, Мұхамедияр Тұрашашин, Нысанғали Бегімбетов, т.б. тағайындалды. Семей мен Ақмола губерниялары Қырғыз (Қазақ) әскери революциялық комитеті (Қырәскеривревком) құрылғанға дейін Сибревкомның қарамағында болды.

Осы бір шұғыл мәселені шешу үшін мен 1920 жылдың мамыр айының басында Семей губеркомы арқылы Орынборға аттандым. Бұл сол кезде «Қырәскеривревкомның» тұрақ-жай және енді қаз тұрып ұйымдаса бастаған республиканың уақытша орталығы еді. Орынборда Семей және Ақмола облыстары Қырәскеривревкомның қарамағына енуі туралы мәселе қаралды. Мұны талқылаған кезде автономиялық республиканың құрылуы және оның шекарасы құрамына Қырғыз (Қазақ) өлкесінің барлық облыстарының кіру мәселелері көтерілді. Мұндай үлкен жұмысты жүргізу үшін Қырәскеривревкомның қаулысы бойынша 1920 жылғы 18 мамырдағы №2043 мандатпен «Қырғыз (қазақ) өлкесі, оның шекарасы мен ерекшеліктері» туралы баяндама жасауға Мәскеуге аттандым. ВЦИК-тің жанындағы Қырәскеривревкомның өкілетті коллегиясының председателі болып тағайындалып өрі ВЦИК Президиумының қаулысы бойынша осы комитеттің мүшесі болып бекітілдім. Бұл комитет мүшелерінің қатарына сондай-ақ, Ақмола облысынан Сәкен Сейфуллин кірді. Мәскеуде 4 ай жұріп мен Қырәскеривревком мүшелерімен тығыз байланыста болдым. Олардан автономия республикасының құрылуы мен оның шекарасын анықтау мәселелері жөнінде тиісті нұсқаулар алып тұрдым».



АЛАШТЫҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ

Мәскеуге келгеннен кейін Әлиаға В.Лениннің төрағалық етуімен болған комиссия мәжілісінде Қазақ автономиялы республикасын құру туралы баяндама жасайды. Нақты негіздеуге құрылған оның жан-жақты баяндамасы отаршылдық пен Столыпин реформасы, көшіп-конудың салдарынан байырғы тұрғындардың ауыр халін ашып берді. Ол өздерінің түпкілікті жерінен айрылып, кулактарға басыбайлы болған қазақ батрактарының теңсіздігіне баса назар аударды. Ол тез арада кулактарды қуып және олар тартып алған жерлерді бұрынғы иелеріне қайтарып беру үшін жер реформасын жүргізуді талап етті. «Сонда ғана, – деді ол, – байырғы халық еркіндікті қабылдап, Ұлы Октябрь революциясының жемістерін жинай алады». Ленин оның бұл ойын қуаттады. Содан кейін көп ұзамай Түркістан бойынша О.Жандосовтың қатысуымен жер реформасы жүргізілді.

Төмендегі жазбадан көп жайды аңғаруға болады. «Владимир Ильич тек тыңдап, талдап қана қоймай әрі пікір айтып, бүкіл баяндама бойы белсенді күйте болды. Сөйтіп маған ұмытылмас әсер қалдырды. Енді оның шиеленіскен мәселелерді дұрыс шешуге қатысып, тигізген көмегі туралы жеке-жеке эпизодтарға тоқталайын. Мен өзімнің баяндамада негізінен Қазақстанның шекараны анықтауда үлкен маңызы бар күрделі де шиеленіскен жер мәселесіне тоқталдым. Патшалық Россия кезінде қазақ жұртының иелігін өзек, көл жағалауында, орман алқабында орналасқан қара топырақты жерлер тартып алынған. Мұндай әпербақандық помещиктердің құлқын жақтайтын столыпіндік реформадан кейін тіпті өрістеп кетті. Ол Мемлекеттік Дума мінбесінен «қырғыз даласын игеру керек» деген патшалық саясаттын тірегі болды. Сөйтіп жергілікті тұрғындарды ойламай Қазақстан мен Түркістанда кулақ шаруашылығын қанат жаюына бар күшін салған еді. Мұнда Каспий жағалауы туралы мәселелер өткір пікірталастар тудырды. Ал жергілікті тұрғындардың жер туралы мәселесін тіпті қараған жоқ. Ертістің он шақырым сол жақ беті 1904 жылғы орыс-жапон соғысы алдында Сенат үкіметінің қаулысымен Сібір казактарының иелігіне берілген. Ал қазақ елі бұл жерден айырылып, оның үстіне жайылымдарда малын бағу үшін орыс кулактарына орасан зор қаржы төлеп, кедейлікке ұшырады. Сөйтіп олар әрбір казак семьясына қызмет ететін үй шаруасындағы жұмысшы ретінде батрақтарға айналды. Архивтерден қазақ кісісін жерлеу үшін жерге 18-20 сом алтын төлегені белгілі. Мен баяндамада осы он шақырымдық жерді қазақ халқы ежелден иеленгендіктен өздеріне қайтарып беру туралы ұсыныс жасадым. Ал Каспий теңізінің солтүстік жағалауы салық жинайтын жер болып жарияланғанымен, патша үкіметі қазақ тұрғындарын иеленген жерлерінен көшірте алмады. Себебі, Каспийдің солтүстік жағына қарай «Рың құмдары» деп аталатын күм бұйраттары созылып жатыр. Өмір сүрудің қатал заңы тұрғындарды Каспий теңізі жағалауына қуды. Онда олар балық аулаумен шұғылданып, кемелдер жұмысшы болып күнкөріс мүмкіндігіне ие болды. Баяндаманың соңында «қазақтарға еленіп келген жерлері өздеріне қайтарылып және жергілікті казак пен отырықшыданған орыс тұрғындары орнығып біткенше Россиядан қоныс аударуды тоқтатқан жөн» деген ұсыныс жасадым. Осы жерде Владимир Ильич менің сөзімді бөліп:

– Қызық екен, орталықтағы жолда, біздің ЦК-ның мүшесі Сафаров Түркістаннан барлық кулақ шаруашылығын көшіріп жіберу керек десе, сіз тек жергілікті казак және отырықшыданған орыстар орын тепкенше қоныс аударуды тоқтату керек дейсіз. Бұл қалай? – деді.

– Мен мұндай пікірлерді күтпеп едім, – деп, бір сөт күмілжіп қалдым. Бірақ Сафаровтың Түркістанның жағдайын көбірек білетіні, сол жерде көп болғаны туралы айттым.

– Ол Қазақстанның жағдайында ондай ұсыныстан бас тартуы керек, – дедім және өз ұсынысымның негізі ретінде солтүстік аймақтардағы қазақ пен орыс тұрғындарының сан жағынан арақатынасы жайлы статистикалық мәліметтер келтірдім.

– Орыс тұрғындарын көшіріп жібереміз деген шешімнің орындалу мүмкіндігіне сенбеймін, себебі ұлттар арасында алауыздық туу қаупі бар, – дедім.

– Ендеше ойлану керек, – деді. Енді он километрлік тұтас жер туралы біраз мәселелерді қамтып айтсам да, Владимир Ильич:

– Тағы да қосымша айтарыңыз бар ма? – деп сұрады. Сонда мен жастардың атынан (ол кезде 29 жаста едім):

– Жерді өңдеуге және шабуға арналған ауыл шаруашылығы машиналарымен осы өңірді қамтамасыз етсе, сөйтіп ауыл шаруашылығы коммуналарын ұйымдастырса, – деген тілек айттым.

Ол қолын сермеп:

– Керегі жоқ, керегі жоқ. Біз тіпті ауыл шаруашылығы коммуналары жайлы Орталық Россияда ойластырамыз жоқ, – деді.

Біздің республиканың шекарасын анықтау кезінде Каспий теңізінің солтүстік жағалаулары Астрахань губерниясынан қайтарылып, Қазақстан шекарасына кіргізу керектігін айттым. Бұған көптеген адам қарсы болды. Әсіресе Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателі (фамилиясы есімде жоқ) Лехова, Брюханов секілді басшылар «Каспий балығымен Москва жұртшылығын асырап отырмыз, еліміз азық-түлік қиындығын бастан кешіп отыр» деді. Бұл мәселеге сөйлегендердің теріс көзқарасын байқаған соң маған бұрылып былай деді:

– Біздің экономистер жан-жақты талдап, бағып айтқан секілді, ұялмаңыз, өзіндік ойыңызды еркін айта беріңіз, енді сөз сізге беріледі.

– Мен – дедім, – кеше ғана институтты бітіргенім, тәжірибелі жастардан үйренуге дайынмын. Бірақ кейбір жолдастардың менің ойыма қарсы болғанына таным бар. Өйткені, Қазақстан өзінің ұлттық, тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты автономиялық басқарушылықты РСФСР-дің ішінен алады. Біз жағалаудың республиканың шекарасына кіруін мақұлдағанымыз дұрыс сияқты. Себебі, онда балық шаруашылығымен айналысатын казактар мекендеген және бұл жағалау Қазақстан территориясының ішіне кіріп тұр. Ал егер осы жағалауды тұрғындарымен бірге біздің республиканың шекарасына кіргізсе, біз оларды ұйымдастырып, Орталыққа Астрахань губерниясына қарағанда тіпті көп балық жіберер едік, – дедім.

Владимир Ильич Астрахань губерниялық атқару комитетінің председателіне бұрылып, одан:

– Жағалаудың қазақ және орыс тұрғындарының сан жағынан арақатынасы қандай? – деген сұрақ қойды.

Председатель статистикалық мәліметтер жоқ дегенге келтіріп, сұрақтан бұлтартғысы келіп еді:

– Жағалауда қанша қазақ, қанша орыс бар деп отырғаным жоқ, осы өңірдегі тұрғындардың қайсысы басым? – деді.

Сонда председатель амалсыздан «қазақтар басым секілді» дегенге сайды. «Мәселе түсінікті болды» деп дауысқа салды, сөйтіп менің ұсынысым көпшілік дауыспен қолдау тапты.

1920 жылдың 24 тамызында Халық Комиссарлар Советінің Қырғыз (қазақ) автономиялық республикасы туралы декрет жобасының мәселесі жөніндегі мәжіліске баяндамашының бірі ретінде мен де қатыстым. Мәжілісте атмосфера аса іскерлік жағдайда болды. Әрқайсысы өздерінің жауапкершілігін сезініп, қатал тәртіп пен саналылық орнағандай еді. Владимир Ильичтің өзі қатысып отырды. Мәселе туралы Ұлттар жөніндегі наркомат председателінің орынбасары Каменский баяндама жасады. Ол өзінің жауапкершілігін қатты сезініп баяндама барысында көп қиналды. Сөйтіп декреттің жобасы тұтас оқылып, РСФСР Халқының мәжілісінде бекі-

тілді. Тиісті қосымшалар, өзгерістермен қоса Декрет 1920 жылғы 26 тамызда бүкіл елге жарияланды. 1920 жылы 23 маусымнан 7 тамызға дейін Комитеттің II конгресінің мәжілістері өткен еді. РКП (б) делегациясының құрамына Лениннің басқаруымен партия мен үкімет басшылары кірді. Сондай-ақ бұған автономиялық республикалардан да делегаттар келді. Қазақ автономиясын Тұрар Рысқұлов пен Ахмет Байтұрсынбаев бастап барды.

Лениндік декретке Халық Комиссарлар советінің мәжілісінде талқыланған Каспий жағалауы туралы шешім төмендегідей мазмұнда көрсетілген: «Из Астраханской губернии: волость Синеморскую в Букеевскую орду и территории бывших казенных оброчных земель прилегающих к 1-му и 2-му приморским округам. Что же касается береговой полосы и волостей Садионовской, Ганюшинской и Николаевской, то они во всех отношениях, кроме хозяйственной стороны, остаются в подчинении Кирревокома».

Бұл 29 жастағы талантты Ә.Ермековті үлкен жеңісі әрі Қазақстан алдында сіңірген аса зор тарихи еңбегінің жемісі еді.

Қазақ республикасының территориялық шекарасын белгілеуде Әлиағаның еңбегін тарих алдындағы, қазақ халқының алдындағы перзенттік парызының орындалғаны деп түсінеміз. Осы тарихи декрет жарияланған күні Әлімхан Ермеков Бүкілроссиялық Орталық атқару комитеті (ВЦИК) президиумының қаулысы бойынша Қазақревкомның мүшелігіне бекітіледі. 1921 жылы туған жері Қарқаралыға келіп 2 басқышты мектеп ашады. Қарқаралы, Ұлытау, Баян өлкесі жастарының өнер-білім алуына ұйытқы болады. Осы оқу орнына Сібірден жер аударылған Петроград, Мәскеу қалаларының білікті ғалымдарын шақырады. Бірінші кабинет қызыл кірпіш, екіншісін ағаштан өргізіп жана оқу орнын іске қосады. Кейіннен Қарқаралы педагогикалық училищесі осы мекенде ашылды. Қазіргі Ақтоғай ауданының аумағында бастауыш мектептер ашуға үлкен еңбек сіңіріп, жастардың білім алуына жағдай жасайды. Қарқаралыда бала оқытып, өсіп келе жатқан жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, өзінің сүйікті ісімен айналысып жүрген терең білімді Әлиағаны Семей губерниялық партия, совет басшылары бірнеше рет шақырып, жауапты қызметтер ұсынады. Ол 1925 жылы Семей губерниялық жоспарлау басқармасы председателінің орынбасары болып тағайындалады. Өзінің іскерлігі, білімділігімен көзге түскен жас маман сол жылы Орынбордағы Мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі әрі өнеркәсіп секциясының бастығы қызметіне жоғарылатылады. Сол жылдары Қазақ АССР ауыл шаруашылығы банкісі басқармасының мүшесі қызметін де қоса атқарады. 1925 және 1929 жылдары Орталық Атқару комитетіне мүше болып сайланады.

Әлімхан Ермеков Ташкентте 1926 жылы тұңғыш ашылған оқу орны – Қазақ педагогикалық институтына (Қазпедвуз) арнайы шақырылып, 1927-1928 жылдары сонда математика пәнінен сабақ береді. Институт ректоры Темірбек Жүргеновпен (Темірбек 1927 жылы Әлімханның қарындасы Дәмеш Әмірханқызы Ермековаға үйленді) жақсы араласады. Сөз арасында айта кететін жайы, 1927 жылы шілде айының аяғында Темірбек пен Дәмеш Ташкенттен Қарқаралы арқылы елге келеді.

Дәмештің шешесі Бибіштен рұқсат, бата алу үшін арнайы келген оқыған жастарды Қызыларай тауының баурайындағы Былқылдақ жайлауында, халық ерекше қуанышпен қарсы алады. Үлкендердің айтуынша, атақты өнер иесі Тәттімбет өзінің үзгенгілес досы Ермектің ауылына қонаққа келіп жатып, «Былқылдақ», «Сылқылдақ» күйлерін шығарған. 1913 жылы этнограф-ғалым Григорий Потанин екі немересімен келіп киіз үй тіктіріп, екі айдай демалған. Томскіден студент Қаныш Сәтбаев 1925-1925 жылдары жаз айларында осы жайлауға келген. 1925 жылы мемлекет қайраткері Нығмет

Нұрмақұлы Зүпнін Ыбырайқызына үйленіп той өткен. Міне, енді Темірбек Жүргенов пен Дәмештің үйлену тойы өткізілді. Әлімхан мен Темірбектің және т.б. қайраткерлердің табандылығының арқасында 1928 жылы Қазпедвуз Алматыға көшіріледі. Әлиаға 1928 жылы 1 қыркүйектен бастап Қазақ мемлекеттік университетіне орналасып, осында бірыңғай ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысады. 1930 жылы Қазақ мемлекеттік зоотехникалық-мал дәрігерлік институты болып қайта құрылғанда жаңа институтта профессор міндетін атқарып, кафедра басқарады.

Қазақстанның жаңа астанасы Алматыда 1930 жылдың 30 мамыры мен 6 маусымы аралығында VII Өлкелік партия конференциясы өтеді. Осы конференцияда ұлттық интеллигенция атынан Әлімхан Ермеков терең мазмұнды сөз сөйлейді. Ол өзінің бар күш-жігерін ғылымға, оқу-ағарту ісіне арнайтынын айтып, ғылыми интеллигенцияны осындай игі істерге араласуға шақырды. Марксизм-ленинизм институтында оқытын партия қызметкерлеріне де сабақ берді. 1935 жылдың 1 мамырында Қазақстандағы тұңғыш техникалық жоғары оқу орны Кен-металлургия институтына шақырылады. Онда математика кафедрасының меңгерушісі, профессор болады. 1935 жылы көп ізденуінің нәтижесінде «Ұлы математика курсы» ғылыми кітабының 1-бөлімі жарыққа шығады. Бұл математика саласында жарыққа шыққан алғашқы ғылыми еңбек еді. 1935 жылы қараша айында Г.Крижановскийдің төрағалық етуімен өткен Жоғары аттестациялық комиссияда Ә.Ермеков профессор атағын қорғайды. Сөйтіп қазақ халқының зиялы ұлдарының ішінде тұңғыш математика профессоры ғылыми атағына ие болады. 1936 жылы Әлекеннің ұсынысы бойынша Кен институтының бірінші, екінші курс студенттеріне арналған жалпытехникалық факультет ұйымдастырылады. Бұл факультетте ауыл мектебінен келген қазақ жастары жоғары математика, физика, теориялық механика, химия және жоғары курстарда өтетін арнайы пәндердің негізі оқытылады. Ауыл жастарының орыс тілін жетік меңгермегені ескеріліп, сабақ негізінен қазақ тілінде жүргізілді. Ә.Ермеков негізін салған техникалық білім беру саласындағы оқуға үлкен қос тілде жүргізілу тәжірибесі 1937 жылдан кейін жабылып қалды. Тек қана елу жыл өткеннен кейін қайта жүзеге аса бастады. 1936 жылы өзінің ұстаздық тәжірибесіне сүйене отырып, ғылыми негізде «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігін бастырады. Кейінгі жылдарда жарық көрген қазақ тіліндегі математика оқулықтарында бұл еңбектің аты аталмаса да, профессор Ермеков қалыптастырған терминдер кеңінен пайдаланылып келді.

Әлиаға осы институтта 1937 жылдың 1 қыркүйегіне дейін еңбек етті. Отыз жетінші жылы халық басына қара түнек орнады. Ежелгі достары Санжар Асфендияров, Құдайберген Жұбанов «халық жауы» болып ұсталып кетті. Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері, Оқу-ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенов те ұсталды. Ол Алматыны тастап, 1938 жылдың ақпанында Мәскеуге кетті. РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің оқу орындары басқармасынан Куйбышев қаласының Жоспарлау институтына жолдама алды. 1938 жылдың 3 ақпаны мен 17 наурызына дейінгі аралықта Куйбышевта Жоспарлау институты математика кафедрасының меңгерушісі болып істейді. Сол кездегі «жағымпаз жандеттер» қоймай арызданып, ақыры қаматалды. Ол жабылған жаладан үздік-кесілді бас тартады. 17 мамырдан 17 шілдеге дейін жоғары жаққа алты рет арыз жолдап, әділдікті талап етеді. 1939 жылы 28 ақпан күні НКВД-ның әскери трибунасы Ермековті РСФСР Қылмыстық істер коллегінің 49 және 58-1 а бабы бойынша 10 жылға бас еркінен айырады. Түрмеде жүргенде мұның заңсыздығы екенін айтып, өзіне жала жабылғандығын дәлелдеп, арыздануын тоқтатады. Соның нәтижесі болуы керек, 1947 жылдың басында түрмеден босанып, Мәскеуден бір-ақ шығады. Оның терең білімі мен ерекше ғылыми қабілетін ертерден білетін СССР Жоғары оқу орындары министрлігіндегі оқымыстылардың айтуымен Шымкент технологиялық институтына жолдаманы жібереді. 1947 жылдың 15 тамызында Шымкент технологиялық институты математика кафедрасының меңгерушісі болып, ұстаздығын қайта бастайды. Аман нешік, тағдыр тауқыметінің көп азабын бастан кешкен ол НКВД түрмесіне қайта жабылады. 1955 жылы 7 наурызда СССР Бас прокурорының қаулысы бойынша Ә.Ермеков мерзімінен бұрын түрмеден босатылады. 1957 жылдың 26 қарашасында толық ақталады.

Осыдан кейін Қарағанды қаласында тұрақтады. Қарағанды Тау-кен институтына мүғалімдікке орналасты.

Жабылған қара дақтан 28 жылда зорға ақталды. Ол кісіні білетін жақын достары, туысқандары Әлиағаның халқына деген адалдығына, ақтығына берік сенуші еді. Міне, жарқырап, жақсылықтың да күні шықты. Бұл күнге жете алмаған қанша зиялылар қара түнектің құрбаны болды емес пе?

**Қалкен МӘКЕНБАЙҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Ұлытау, Ақтоғай аудандарының және Жезқазған қаласының құрметті азаматы**

Облыс әкімінің грантына тағайындалған студенттер тізімі

Аты-жөні, тегі	Оқу орны	Мамандығы	Санаты
Қызылорда қаласы			
Асанова Саера Бахытқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі	Аз қамтылған отбасы
Дүйсенова Айымжан Бауыржанқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Мүгедек отбасы
Ғани Нұрислам Рүстемұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Қонырбаева Жанася Ерланқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Ата-анасының біреуі мүгедек
Мухамеджан Дәниель Русланқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Мухамбетқазиева Салтанат Рахметқазықызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Бактыбай Айсая Нұржанқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Серікбаева Нұрсұлу Бегалықызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Елубай Назерке Маратқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Химия	Аз қамтылған отбасы
Нурлан Дилар Русланұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Тарих	Аз қамтылған отбасы
Әділханова Айжан Сағинайқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Тарих	Аз қамтылған отбасы
Құрманәліқызы Жанася	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Математика	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Жорабек Жаннұр Қанатқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	Көп балалы отбасы
Рахметілде Несібелі Талғатқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	Мүгедек бала тәрбиелесуші отбасы
Елеусіз Айсаным Болатбекқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	Бала III топ мүгедегі
Токсанбаева Жанэль Қайнарқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	Көп балалы отбасы
Бақытбек Көркем	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Әкесі мүгедек
Қаршыға Дәулет Сызбекқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Аз қамтылған отбасы
Голованов Максим Александрович	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Аз қамтылған отбасы
Дәулетбаев Ислам	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Аз қамтылған отбасы
Қайыржанұлы Дамир	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Электр энергетикасы	Көп балалы отбасы
Ардақ Орынбасар Ардақұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Электр энергетикасы	Көп балалы отбасы
Бауыржан Жасұлан Бауржанұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Бисенбаев Сұлтан Мейрамбекұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	Аз қамтылған отбасы
Әділұлы Диас	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Бақытжан Даниял	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	Аз қамтылған отбасы
Қожан Данияр Әбілсейітұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Су ресурстары және суды пайдалану	Көп балалы отбасы
Досболды Жандос	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Су ресурстары және суды пайдалану	Аз қамтылған отбасы
Сейл Нұрайым Ғалымжанқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Хореография	Көп балалы отбасы
Ибрагим Аружан Жомартқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті	Аз қамтылған отбасы
Маханбетқали Гүлімжан Ғалымқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті	Көп балалы отбасы
Анес Айханым Жасұланқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Журналистика	Әкесі мүгедек
Қалыбеков Нұрдаулет Бахытжанұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Құқықтану	Аз қамтылған отбасы
Әбдібек Шұғыла Айтжанқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Тұрақ Дарын Досымжанұлы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы

Олжабай Нұрдаулет Жомартұлы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Алихан Бейбарыс Сұлтанәліұлы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Серікова Ақмарал Берікқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Әбдімәлік Айшабибі Бағланқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Төлен Ақпейіл Қайратқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Мүгедек отбасы
Амангелді Дамир Дастанұлы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Тлеуберген Еркебулан Дарханұлы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Алдиев Саламат Мұхитбекұлы	«Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті»	Дінтану	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Нұрмағанбет Жарас Русланұлы	«Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті»	Дінтану	Көп балалы отбасы
Юсуп Ләйла Нұраддинқызы	Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы	Актёрлық өнер	Аз қамтылған отбасы
Арал ауданы			
Жұмағали Әзім Елубайұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Тағыберген Әлішер Арманұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Тұрмысы төмен отбасы
Болатов Ералы Асхатұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Толық емес отбасы
Мақпатов Ақбота Нұрлыбекқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Мүгедектігі бар отбасы
Жұмажан Олжас Жасұланұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дәстүрлі музыка өнері	Көп балалы отбасы
Үсенбаева Нұрай Темірбекқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	География	Көп балалы отбасы
Ганиқызы Нұрай	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Хореография	Көп балалы, толық емес отбасы
Садыкқызы Назым	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Хореография	Тұрмысы төмен отбасы
Елубаева Ақниет Талғатқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Айдаралы Жұлдыз Жанайдарқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Мүгедек бала тәрбиелесуші, көп балалы
Райсова Ардақ Армаатқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы, Күміс алқа иегері
Қазалы ауданы			
Сражадин Ботағоз	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Матығұл Данияр Жанбайұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Аз қамтылған отбасы
Зиядин Бисұлтан Алпамысұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Көп балалы отбасы
Асылбеков Ғалым Асылбекұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Әкесі мүгедек
Есебай Әміртай Жаксылықұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дәстүрлі музыка өнері	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Жаксылық Жанел Абдуллақызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Көркем еңбек және сызу	Аз қамтылған отбасы
Толыбеков Айсултан Нұрбекұлы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Байұзақ Аймаң Ерсайынқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Кармақшы ауданы			
Жетесова Назым Қайратовна	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Елнұр Ғабитұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Асыраушы-сынан айрылған отбасы

Тұрабаев Әліжан Әлімжанұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Көп балалы отбасы
Есмұраев Азамат Нұрланұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Электр энергетикасы	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Ібашов Дамир Ерболұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дәстүрлі музыка өнері	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Каратаева Нұрай Темірбековна	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Хореография	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Түшкеева Динара Мәлсіқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Жалағаш ауданы			
Серік Бекзат Асымханұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Көп балалы отбасы
Молотова Айсұлу Талғатқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Көркем еңбек және сызу	Көп балалы отбасы
Сырдария ауданы			
Хамитов Елжас Әмірбекұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Музыкалық білім	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Максат Әсет Максатұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Электротехника және энергетика	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Орынбасаров Ерхан Алдабергеліұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Электр техникасы және автоматтандыру	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Айкөпешова Аяулым Ерболқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Көп балалы отбасы
Шиели ауданы			
Набиев Бекарыс Алмасбекұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Анасы мүгедек
Мұханбет Ғабиден Әлиәріұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Мүгедектігі бар отбасы
Абызбай Сәкен Саматұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Агрономия	Көп балалы отбасы
Бағдат Мағжан Берікұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Хореография	Көп балалы отбасы
Нәзілді Әсел Темірқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Хореография	Көп балалы отбасы
Балтабай Ақнұр	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті	Көп балалы отбасы
Сайлауова Сағынш	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті	Көп балалы отбасы
Бақытбекқызы Дариға	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Әкесі мүгедек
Сұлтанова Толғанай	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Әлеуметтік көмек	Асыраушы-сынан айрылған отбасы
Жанакорған ауданы			
Ерділла Таннұр Ибаділлақызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі	Көп балалы отбасы
Пернебай Ақаділ Бекталиұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт	Көп балалы отбасы
Пернебай Нұржайна Әбдірахманқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Көп балалы отбасы
Төреханова Маржан Уалиханқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Шет тілі екі шет тілі	Ата-анасы III топ мүгедектері
Амангелдіев Саят	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Тарих	Толық емес отбасы
Орынбасарқызы Ұлжан	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	Толық емес отбасы
Абдулла Әсел Қалданқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі	Көп балалы отбасы
Болатова Мадина Жұмабекқызы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Көркем еңбек және сызу	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
Ануарбек Бекзат Нұрлыбекұлы	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	Археология және этнология	Көп балалы отбасы
Максатқызы Аружан	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Көп балалы отбасы
Бектұрған Нұрқымбат Алиханқызы	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	Медицина	Әкесі III топ мүгедегі

ҒҰМЫРЫН АЛҒЫС АРҚАЛАУҒА АРНАҒАН

Пенде шіркін жарық дүние есігін ашқаннан бастап онда ғұмыр атты кісілік кітаптың алғашқы сөздері жазыла бастайды. Оны Абай өзіне сауал еткендей жақсы өткізу де, жаман өткізу де тұлға таңдауына берілген. Тек ғұмырнамасы ғұмырдарияға айналған тұста толқын да толқын сол ғұмырды өзі бағамдай, бағалай алса болғаны.

Біз өмір сүретін осы қоғамда қадірі артық екі мамандық бар десек, бірі – дәрігер! Ол бағаны мен емес, тұтас тіршілік бергендей. Біздің халық соның арасынан асыл қолдысы мен асыл жүректісін өзі айдарлап алған. Сондай жандардың бірі – был 70 жасқа толған дәрігер-терапевт, облыс медицинасының көрнекті ардагері Қалдығұл Маматқызы Маматова. Дәрігердің қай-қайсысына да қойылатын ұлы талап бар, ол – шипа іздеп келген дерттіге дәру болу, о баста берген анттына адал болу. Бүгінгі біздің кейіпкер Қалдығұл Маматқызы – өмірін алғыс арқалауға арнаған адам. Семейдегі медициналық



интерне оқуға қабылданған ол тартысқа толы медицина жолынан айнамады. 1976 жылы аталған оқу орнын тәмамдаған дипломы дәрігер өңіріміздегі облыстық ауруханаға дәрігер-терапевт ретінде жолдама алады. Дәрігерлік де, дәрігердің де қат кезі. Жетіспейтін мамандардың қызметін атқаруға облыстық ауруханадан аудандық ауруханаға берілген жолдамадан да бас тартпайды. Кеңес дәуірінде сұранысқа көп ие болған Шиелі аудандық теміржол ауруханасында 30

жыл еңбек етті. Сонда жүріп үздіктердің үздігі атанып, түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болады. Сол кезеңде 2 ұл, 1 қызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтықтырмай өсіріп, қиясына қанаттарын серметеді. Сөйтіп, теміржолшы жұбайының жолын қуған балаларының қызығына бөленіп, теміржолшылар династиясының отанасы атанады. Талабы қатал дәрігер мамандығының дара жолы Қалдығұл Маматқызы ешқашан шаршатқан емес. Зейнеттен кейінгі жылдары да өзін қажет еткен жерлерде еңбек етіп келеді. Облыстық теміржол ауруханасында ақылшы, дәрігер-ұстаз. Көп жылғы еңбек атақ-дараға бөледі. Соның арасындағы жанына ең жақыны – төтенше жағдай органдары ардагерлер ұйымының «Офицердің анасы» төбелісі. Қалай десек те, бейнет пен зейнетті қатар мойындатқан марапат қой. Жетпіс жасқа келген дәрігерге 100-дің биігі тіледі. Ғасыр жасаған дәрігерлер қатарын толықтырып, дүрмек дүниенің бар бақытына жеткей!

Бауыржан ТӨЛЕСҰЛЫ

Әлемдегі ең лас аяу

Джакартада нашар аяу сапасына байланысты қиындықтар жалғасуда. IQAir қызметінің мәліметінше, ауадағы қатты бөлшектердің концентрациясы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адам денсаулығы үшін қалыпты деп санайтын деңгейден 19 есе жоғары.

Соңғы күндері Джакарта аяу сапасы ең нашар қала ретінде тұрақты түрде бірінші орынға ие болды. Қаладағы аяу сапасы жылдар бойы нашар. Биыл жаңбырдың ұзақ уақыт болмауы жағдайды қиындатып отыр. Бірнеше күн бұрын Индонезия билігі мемлекеттік қызметкерлерді түтінге байланысты екі айға қашықтан жұмыс істеуге жіберді.

Трампың суреті

Дональд Трамп әлеуметтік желідегі парақшасында Фултон округіндегі түрмеде түсірілген суретін жариялады. Сурет – АҚШ-тың бұрынғы президентінің 2021 жылдан бері желідегі алғашқы жазбасы. Трамп 2020 жылғы президент сайлауына араласқаны үшін қамауға алынды. Түрмеге тіркелудің бүкіл процесі 20 минутқа созылды. Мұнан соң Дональд Трамп 200 мың доллар кепілдікпен босатылды.

«Өз аудиториясын Капитолияге басып кіруге итермеледі» деген айып бойынша Трампың 86 миллион жазылушысы бар аккаунты бұғатталған еді. Twitter-ді сатып алған бизнесмен Илон Маск оны оны өткен жылдың соңында блоктан шығарды.

Көрінбейтін QR-кодтар

МІТ информатика және жасанды интеллект зертханасының зерттеушілері инновациялық шешімді ойлап тапты. BrightMarker – 3D басып шығарылған нысандарға енгізілген көрінбейтін маркерлер. Мұндай көрінбейтін QR-кодтарды инфрақызыл камераларды пайдаланып сканерлеуге болады.

BrightMarker жүйесі смартфондарға және екіншісі VR/AR гарнитураларына арналған. QR-кодтар жай көзге көрінбейді. Сондықтан барынша қауіпсіз және метадеректерді енгізу үшін өте қолайлы.

«СБ» ақпарат

STATGOVKZ_BOT

Бот не істей алады?

- Өткізім қалдыру
- Тапсырманы тиіс статистикалық нысандар тізімімен қадау
- АҚШ бөлшеміне қызықтыратын сұрақтарға жауап табу
- «Жеке» ЕЭП бойынша табу, Табу/АТЖ және республиканың кабинеті сияқты сервистерге сілтеме беру

1446

Ұлттық статистика бюросының **бірінғай байланыс орталығы**

Единный call-центр Бюро национальной статистики

9.00-18.30

Жарамсыз деп есептелсін

Жеке кәсіпкер Аққошқарова Салтанат Маханбетжанқызының (ЖСН 810821400762) атынан ашылған «Ербол ЖК» мөріннің жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы мен облыстық психикалық денсаулық орталығының ұжымы осы орталықтың бас дәрігері Медетбаев Әділбай Қаниұлына ағасы **Егізбай Қаниұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚОҢЫР ӘҢГІМЕ

СҮБЕЛІ СӨЗ,
ЕСКІ ШЕЖІРЕ,
ЕСТІ ӘҢГІМЕ –

рухани ілімнің жиынтығы

Бүгінде сұлу сөйлеу, әсерлі әңгіме айту, тұшымды тақырып қозғау, ойлы оқиғалардың майын тамызып жеткізу әдеби үзіліп қалды. Пікірлесулер амандық-саулық сұрасудан аспай, адамдар арасындағы байланыс шегірте тиген қамыстай селділер бара жатыр. Осы олқылықтың орын толтыру үшін облыстық мәдениет және спорт басқармасының қолдауымен бабалар дәстүрін жаңғырту мақсатында «Қоңыр әңгіме» жобасы жүзеге асып келеді.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Бұл жолғы «Қоңыр әңгіме» рухани кеші жырау, фольклортанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматовтың қатысуымен өтті. «Достық үйінде» ұйымдастырылған тағалымы мол рухани кешті үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов жүргізді.

Шара әң әуелі қазақтың қоңыр түсінің мәнін ашатын бейнекөрсетіліммен басталды. Иә, расымен де халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – осы қоңыр. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» оған байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген. Мысалы, қоңыр әңгіме, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн деп тізбектеле берілді. Соның ішінде қоңыр әңгіменің жөні бір бөлек.

Ә.Кекілбаев: «Қоңыр деген жалғыз сөздің аясына күллі қазақтың ата-баба заманынан бергі бар тірлігін, мінез-құлқын, ұлттық сипатын сол қалпында қызыл тілдің күдіретімен жеткізе білген» деп баға берген. Ал біртуар ақын Ж.Нәжімеденовтың шығармашылығында қоңыр сөзі ерекше орын алады. Атап айтқанда, «Қоңыр тұс» атты өлеңі қарапайым қазақтың қоңыр тірлігін былайша суреттейді:

– Қоңырайып жатыр алда

жол әлі –

Кеудем кейде қоңыр

күйге толады.

Қоңыр әнмен қазақ

бесік тербетіп,

Өргізіпті-ау қоңыр-қоңыр

баланы.

Қоңыр күпі, қоңыр дала,

қоңыр үн...

Қоңыр күймен өтіп жатыр

өмірім, –

деп келетін өлең әлі күнге халық

жадында.

Жаңашылдыққа жаны құмар,

болса елге болсын деп руханиятқа

сүбелі үлес қосып жүрген Нұрмат

Мамуров пен Мұхтар Ниязовтың

тың бастамасы «Қоңыр әңгіме» рухани

кешті тыңдармандарын осы

себепті де серпілтіп тастады.

Алмас жырау өзінің төл туын-

дысы «Қазына» тарихи дастанының желісін баяндап, кештің көрігін қыздырды. Екі сағатқа созылған кештің әңгімесін селт етпей тыңдап, сүбелі сөзге шөліміз қанып қалды. Басқасы басқа, адамдар бір-біріне жақсы сөзін қимай жүрген мәсінің қонышындай тар заманда мұндай тәлімі зор әңгіме халыққа мол рухани азық сыйлады.

«Қазына» дастанындағы кейіпкерлердің сөздері баяндалғанда төбе күйіміз шымырлап, кей жерінде өттеген-айлап отырдық. Тарихи дастан, ондағы оқиға, оны халыққа жеткізу – Алмас Алматовтың топ алқаны игерудегі үлкен шеберлігі. Бір сөзбен айтқанда, тамаша рухани кеш өтті.

Сахнада «Ақмешіт» ансамблі нәсерлете күй төгіп, жырау Руслан Ахметов мен Малика Алдамжарова жырдан шашу шашып, Н.Бекежанов атындағы драма театр артистері «Қазына» тарихи дастанындағы Арғынбайға анасының тоқтау айтатын тұсынан үзінді сомдап, кештің ауқымын кеңейте түсті.

– «Сабынды неден жасайды?» дегенде «білмеймін, мылжыннан жасайтын шығар» деп келетін әңгімесі бар Алмас ағаның. «Алыстан жеткен әңгіменің етек-жеңі жырым-жырым болады» деп ағаның өзі айтпақшы, біздің көкірегіміздегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда ажары қашады ғой. Көп адамда солай. Ал Алмас аға әр дәуірдің адамдарын да, руларын да, құндылықтарын да, сол дәуірдің өмір салтын да қатарын бузбай, қалпын кемітпей, тап ортасында отырғандай айтады.

Өткенде бір жерде Нұрлан имам «қазіргі балаларға қойдың құлағын берсең іскеп-іскеп қоя салды, мыын берсең мүлде аузына апармайды, құлақ пен миға тамақ ретінде де қызығушылық төмендеп бара жатқан сияқты» деп әзілге сүйеіп бір әңгіме айтқан. Әлбетте астарлы қалжың. Еститін құлақ, қорытатын ми болмаған соң Абай атамыз айтқандай «көзінен басқа ойы жоқ» балалар көбейе береді.

Алмас ағамен болған «Қазына» дастанының баянында заманы бас-



қа демесең, осы қантөгіс, ұрыс-керістер тоқтаусыз әлі жүріп жатыр, қайта ел кездің қиын түйіндерінің құрмеуін шешетін көргенді билері, сөзге тоқтайтын қауымы бар еді. Ердің құны мен сөздің құны бірдей болатын. Адамзат қандай өркеніетке ұмтылса да бәрібір айналып негізіне оралмай тұрмайды. Алмас ағаның әңгімесі бізге осы тұста ағудай қажет, – деді Мұхтар Ниязов.

Шынында, қазір қаптаған гаджеттер мен жалт-жулт интернет заманында көне дәуірдің әңгімесін айтпай бірден өңдіремін деу әуіршілік сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ қолды бір сермеуге әлде дерте сияқты. Елдің бәрі ессіз атанып, елеріп кеткен жоқ. «Қоңыр әңгіменің» көрермен, тыңдармандары жетерлік екенін шарада анық байқадық. Оның бір дәлелі – Ұларбек Нұрғалимын көпшенділер дәуірін сипаттайтын кітабының әлі күнге дейін сұраныстан түспеуі.

– Әдепті әңгіме айту, оны жеткізу – қазақтың қанына сіңген асыл қасиет. Көнекөз қариялардың кеудесіне сыйған қаншама сүбелі сөз, ескі шежіре, есті әңгіме бүгін бір ұлтты тәрбиелейтін рухани ілімнің жиынтығы еді. Бұрын да көп білетін, көп көрген қазына кеуде адамды ел ішінде ерекше қадірлеп, төр ұсынып, төбеге көтеріп отырған. Олардың аузынан төгілетін әрбір әңгімесі, адамды кемелдікке жетелейтін, сана көкжиегін кеңейтетін тәрбие-тағалым еді. Бүгін де Сыр өңірінде бастау алған, қазақтың баға жетпес сөз, шешендік, әңгіме айту өнерін насихаттайтын «Қоңыр әңгіме» жобасы – ізі бар ізгілікті қайта жаңғыртқан ұтымды жоба.

Қазақта «саф өнер санлаққа ғана қонады» деген жақсы сөз бар. Әке мен ананың тәрбие-тағалымын, отбасы шаңырағының ұлы тәлімін ерте жастан санасына сыйдырып, кеудесіне рухани ілім етіп жинаған, бүгін де абыз ақсақал, жампоз жырау, қоңыр әңгіменің қазынасы, ұстаз Алмас аға Алматов Сырдағы айтулы жобадан қонақ болды. Жырау шығармашылығынан ойып тұрып орын алатын «Қазына» дастанының әңгіме, шежіре, өлең түрінде баяндап, қалың көрерменнің құлақ құрышын қандырды. Қазақтың сөз өнерін жыр күйінде, қара өлең күйінде, әңгіме-шежіре күйінде, музыкалық мақам-саз күйінде тұтас сақтап, келешекке аманаттап жүрген абыз кеуде Алмас ағамыз бүгін елдің аялы алақанында, көзінің қарашығында болуы тиіс, – деді

жырау Күнсұлу Түрікпен.

Сағаттап жырланатын «Қазына» дастаны – шынымен қазақ әдебиетінің қазынасы. Ауызша тараған дастанды толықтай кітап етіп ұсынса, ел игілігіне жарар еді. Ал көрермендер жақт жырдан өзіне ұнаған тіркестер мен шумақтарды түртіп алып отырды.

– Ақбоз үй, он бір қанат

елден бөлек,

Бастырған қас шеберге

сондай зерек.

Желбауын зермен ойып,

үкі тағып,

Қыжымнан ою басқан дөдегелеп.

Тай тулақ кіреберіс, киік бөстек,

Патсайы көрпе, жастық

шәйі жібек.

Арысын шаңырақтың

бүгін шапқан,

Аяқ бау, иін бауды қойған

гүлдеп.

Түртізіп туырлықты бел арқанға,

Арғынбай төрде жатыр

өзін зілдеп.

Тентек жел тамашаға

таңғалғандай,

Сонырқап керегеден

соғайы ұрлеп, –

деп өріліп кететін өрелі суреттеуге «паһ» деп таңданбау мүмкін емес. Ал «Ашу – дерт, ақылыңа араласса, Сабырдың сары алтындай ұрығын сеп» деп келетін тұрақты сөз тіркесіне айналған дастандағы түйек ойлар жастар санасына сәуле болып күйілері хақ.

Қазақтың қара сөзін қанына, сүбелі сөзін сүйегіне сіңірген Сыр елінің халқы әңгімеге ұйып, уақыттың қалай уа етіп өткенін аңғармай қалды. Бір отырыста дастанды толық тәптіштеп баяндау мүмкін емес. Дегенмен халықтың рухани байлығы артып, құлақ құрышы қанып қалды.

Осындай жарқын бастамаға қолдау білдіріп, елге керекті жобаларға жан бітіруге көмегін аямайтын аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулына, аймақтың мәдениет пен спорттың тізгінін ұстап отырған жігерлі менеджер Мира Жомартқызына ұйымдастырушылардың айтар алғысы шексіз.

Алматыдан арнайы келген қонақ, Қажымұқандай алыптардың лайықты ізбасары Тимур Сыпатайдың да өнеріне төңті болып, қол соқпаған жан қалмады.

Кеш қорытындысында қоғам қайраткері Сәби Аңсат сахна төріне көтеріліп, халықтың атынан ризашылығын айтып, «Қоңыр әңгіме» рухани кешінің алдағы уақытта да жалғасты болатынына сенім білдірді.

Снежанна –
Әлем чемпионы

22-30 тамыз аралығында Дубайда парапауэрлифтингтен Әлем чемпионаты өтуде. Жасөспірімдер, жастар, ерлер мен әйелдер арасындағы жарыста 80 мемлекеттен 500-ден аса спортшы бақ сынауда.

Байрақты бәсекенің алғашқы күндерінде қуанышты жаңалық жетті. ЖШС спортшысы Снежанна Бойко жасөспірімдер арасында І-орын иеленіп, чемпион атанды.

Алдағы күндері бұл чемпионаттың жарыс жолына Станислав Шакиев пен Фариза Төлжан шығады.

Олжас
олжалы оралды

Ұлыбританияның Бирмингем қаласында парадзододан IBSA Әлем ойындары өтті. Оған 42 мемлекеттен 300-ден аса спортшы қатысты. Дүбірлі додада Сыр спортшысы Олжас Оразалыұлы 73 келі салмақта ІІІ орын иеленді. Өкінішке қарай, Сырдан аттанған өзге спортшылар байрақты бәсекеде жеңіс тұғырына шыға алмады.

Ойшылдар
ойыны

Теннис орталығында шахматтан жасөспірімдер арасында «KAZPETROL GROUP OPEN – 2023» республикалық жарысы басталды.

Жарыста облыстық мәдениет және спорт басқармасының бөлім басшысы Мәулен Бегалиев өңір жастары арасында интеллектуалды ойынның даму қарқыны жоғары екенін айтып өтті. Сонымен қатар, «KAZPETROL GROUP» мұнай компаниясының бас директоры Ержан Тазабеков пен шахматтан Әлемнің 3 дүркін чемпионы Әсел Серікбай құттықтау сөз сөйлеп, ойшылдар ойынының бүгінгі мен ертеңі туралы ойын білдірді.

Турнир швейцар әдісі бойынша өтуде. 140 спортшы қатысып жатқан жарыс 28 тамызда қорытындыланады.

Аңыз атындағы
аламан

«Локомотив» стадионында КСРО спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тимур Серізбаевты еске алуға арналған футболдан республикалық турнирдің ашылу салтанаты өтті. Оған 2008-2009 жылғы жасөспірімдер қатысуда.

Шарада облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айдешов қатысушыларға сөзгілік тіледі. Сондай-ақ спорт ардагері, «ҚазАтомПром» компаниясы кәсіподағының төрағасы Қасымжан Мадиев пен арнайы қонақ Тимур Санжарұлының немересі Әлихан сөз сөйлеп, аңыз тұлға жайында естеліктерін бөлісті.

Турнирге Қызылорда қаласы мен аудандарынан 12 команда қатысуда.

«СБ» ақпарат

Газетіміздің келесі саны сәрсенбі, 30 тамыз күні шығады.

Оң өзгерістер көңіл қуантты

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ұйымдастыруымен Сыр өңірінің орман, аң және балық шаруашылығы саласының бір топ ардагерлері Қазалы және Арал аудандарына сапарға шықтық.

Мұндағы мақсатымыз – мәдени-тарихи орындарды аралаумен қатар өзіміз қызмет еткен аудандық орман шаруашылығы мекемелеріне барып, ондағы орманшы әріптестерімізбен кездесу. Өңірді өркендету жолындағы ілкімді істерді бағамдау, білгенімізді бөлісу еді. Бұдан бөлек, тарихи орындарды аралап, ұлттымыздың арғы-бергі тарихында өшпес із қалдырған бабалардың кесенелеріне соғып, тарих түбіне терең үнілуді де мақсат еттік.

Әуелі «Мүсірәлі Әзиз» кесенесіне бардық. Тарихтан тін тартсақ, үш жүзге пір болған Мүсірәлі сопы Әзиздің есімі күллі қазаққа белгілі. Тарихи тұлғаға Қазалы ауданы Әйтеке би кенті мен Алтай бекетінің тұсындағы құржолдың бойына 2000 жылдары арнайы ескерткіш-кесене тұрғызылған. Бұл жерде әулие бабамыз туралы біраз мәліметке қанық болып, рухына Құран бағыштадық.

Мұнан соң ат басын Жанқожа батыр бабаның кесенесіне бұрдық. Бұл нысан 1992 жылы бой көтерген. Киелі орынға тазалық жұмыстары жиі жүргізіледі екен. Жан-жағы жасыл желекпен көмкерілген. Көркем сәулетімен келушілерге ерекше әсер қалдырады. Біз қасиетті орында батыр бабаның тарихынан мәлімет алдық.

Тарих беттеріне көз жүгіртсек, Жанқожа Нұрмұхаммедұлының батырлық даңқы ерте шыққан. 17 жасында Тықы есімді батырлық жекпе-жекте найзасымен түйреп түсіріп, батыр атағы қалпақ елге жайылды. Одан берідегі ерліктері тарих беттерінде хатталып, ұрпақ жадында сақталды. Бүгінде ұрпақтың ұранына айналған саңлақ сардардың есімі ғасырдан ғасырға жалғасып келеді.

Мұнан бөлек, Қазалы және Арал аудандық орман шаруашылығы мекемелеріне бас сұқтық. Орманшы әріптестермен кездесіп, қызмет барысымен таныстық.

Облыс үшін орман шаруашылығының маңызы зор. Экологиялық аймақ болғандықтан, көркейту-көгалдандыру күн тәртібінен түспейді. Қызығы мен қиыншылығы қатар салада орманды қорғау, сақтау және орман өртінің алдын алу мақсатында аяздың ызғары мен аптап ыстықтағы орманшылардың жұмысы ерлікпен пара-пар. Әрине, мекемелердің бүгінгі ахуалын біз қызмет еткен уақытпен салыстыруға кел-

мейді. Материалдық-техникалық база жақсарған, орманшылардың айлық жалақысы өскен. Оң өзгерістер көңіл қуантты.

Байқағанымыз, мұнда Мемлекет басшысының 2021-2025 жылдар аралығында теңіздің құрғаған ұлтанында 1,1 млн гектар сексеуіл елпелерін ұлғайту жөніндегі тапсырмасын орындау үшін жүргізіліп жатқан жұмыстың қарқыны жоғары. Мәселен, 2021-2022 жылдары ұлтанға 350 мың гектар сексеуіл егілген. Биыл 250 гектар жерге фи-тоорман мелиорациялық жұмыстары жүргізілуде.

Арал теңізінің мәселесі әлемнің алаңдаушылығын туғызды, назарына іліккені белгілі. Бір түп сексеуіл ағашы 4 тонна құмды тоқтата алатын күшке ие екенін ескерсек, орманшылар жыл сайын мұндаған сексеуіл көшетін отырғызады. Алайда, оның күтіп-баптау мен шығымы жүз пайыз оң нәтиже береді дегуге келмейді. Теңіз табанындағы тынғылықты іс 2025 жылғы дейін жалғасады. Әріптестермен кездесуде тәжірибемізді бөлісіп, жауапты іске сәттілік тіледік.

Сахи БДАНОВ,
орман шаруашылығы саласының құрметті ардагері, облыстық орман, аң және балық шаруашылығы саласы ардагерлері бастауыш ұйымының мүшесі

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.